

Жақыпбаева М. Д., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің 3-бағам студенті

Ғылыми жетекшісі: Жұмашева А. Б., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің заң ғылымдарының магистрі, арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы

АЛАЯҚТЫҚ

Кейінгі жылдары алаяқтық қарқыны өсуде. Экономика дамыған сайын әр түрлі мүлдік қатынастарда бұл қылмыстың түрі көптеп келдесетін болды. Және бұл қылмыс түрі жылдар өткен сайын кең етек жаюда.

Алдау болғанда адам бір нәрсені жалған ұғынадығ адасады. Алдау белсенді формада не пәс мінез-құлықта көрініс табады. Белсенді формадағы алдау адамға қандай да бір фактілер, оқиғалар жайында жалған деректер беріледі. Пәс алдау — шындық айтылмай қалады, егер фактілер мән-жайлар жайында дұрыс ақпарат алса, жәбірленуші өз мүлкіне билік еруден тартынған болар еді. Мүлдік құқық қатынастарының шарты мен мазмұнын елеулі өзгертетін мән-жайларды айыпау да пәс алдауға жатады¹.

Объективтік жағынан алаяқтық бөтен адамның мүлкін бүлдіру немесе бөтеннің мүлкіне құқығын алу заңда көрсетілген екі тәсіл арқылы: алдау немесе сенімге қиянат жасаумен жүзеге асырылады. Жәбірленуші өз мүлкін қылмыскере өзі тапсырады. Алданған немесе сеніп қалған меншік иесі немесе өзге де заңды иеленуші қылмыскерге мүлкін немесе мүлкіне құқықты өз еркімен тапсырады.

Алаяқтық жолмен алдау дегеніміз шындыққа жатпайтын мағлұматты көрінеу бұрмалап, жалған хабар беру, мәлімдеме жасау, жалған құжаттар көрсету арқылы өзін құқық қорғау органының қызметкері етіп көрсету, әр түрлі келісімдер бойынша бұйымның, заттың саны, сапасы, бағасы жөнінде көрінеу шатастыру, жалған сенім хаттар көрсетіп, басқа біреуге тиесілі қаражатты немесе мүлікке құқықты алу, осындай әдіспен біреудің үйін, көлігін және басқа мүлкін сатып, айырбастап жіберу, т. б. болып табылады².

Алаяқтықтың екінші бір тәсілі — сенімге қиянат жасау болып табылады. Сенімге қиянат жасағанда сенімге негіз боларлық қатынастарды пайдалану арқылы олардың мүлкін заңсыз иеленуі немесе иеленуге құқық алуы болып табылады. Мысалы, қылмыс жасайтын адамның әр түрлі азаматтық келісімдерді пайданып қылмыс жасауы. Жалған шарттар жасауы, саудасаттық барысында қарыз берушілер немесе нотариусқа жалған ақпарат беріп құжаттарды куәландырып алуы, т. б. Осындай сенімге ие болу арқылы олар жәбірленушіге қарсы алаяқтық әрекеттер істейді.

Құрамы жағынан – материалдық болып келеді. Субъективтік жағының міндетті белгісі ретінде — меншік иесіне мүлдік залал келтіру.

Субъективтік жағынан алаяқтық тура ниетпен және пайдакүнемдік мақсатпен көрінеді. Кінәлі заңсыз жолымен алдауын немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін иеленіп алатынын ұғынады, нақты бір шығын келетінін немесе болжап біледі, соның болуын қалайды³.

Алаяқтық пен ұрлық бір-бірімен ұқсас келеді. Бірақ айырмашылықтарына тоқталсақ, ұрлық жасау барысында бөтен мүлдікті жасырын алады, яғни бөтен мүлдікті жасырын түрде қолға түсіріп, оны еркінсіз алады. Ал, алаяқтық болса, ашық түрде, алдау арқылы, еркімен иеленеді.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім: Дәрістер баяны / И. Ш. Борчашвилидің және Р.Б.Құлжақбаеваның жалпы редакциялауымен. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2007. — 316-б.

² Қылмыстық құқық А. Н. Ағыбаев Ерекше бөлім: Өңделген, толықтырылған, 3-басылым. — Алматы: Жеті жарғы, 2007. — 150-б.

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне.Түсінік. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2004. — 317-б.